



Максаты:

- **М.Монтессори технологиясын мектепалды мекеменің шартына бейімдеу;**
- Баланың жауапкершілікке, зейіннің шоғырлануына, қозғалысын басқаруға , әсіресе бұлшық ет пен қол саусақтарының, қоршаған ортаны өзі танып білуге, үлкендерге еліктеуге дамыту.**

Міндеттері:

- әр балаға жеке дамуына және өзінің сенсорикасын: есту, көру, сезу, әсер алу, дамытуға мүмкіндік беру;**
- Сенсоматориканы дамыту арқылы сөйлеуді дамытатын жаттығуларға көшу;**
- Математикалық ойлауды, санау қабілетін, ондық жүйеде есептеуді дамыту;**
- Анализ жасау, қадағалау, салыстыру, заттардың қасиеттерін, ерекшеліктерін, күйін анықтауға, осы қасиеттері арқылы біріктіруге үйрету.**
- Өзінің ашқан жаңалықтарына қуану, таңдануды құптай білуді, өз сұрақтарына өз бетінше жауап іздеуге дағдыландыру;**
- Практикаға балаларды оқытуды ұйымдастырудың жаңа формаларын енгізу.**



Монтессори әдістеме екі негізгі қағидатқа ие – жаттығулардың автономды жүзеге асуы және ойын арқылы оқыту. Бұл әдістеменің ерекшелігі әр балаға жеке қарауға бағытталған, яғни әрбір бала өзіне дидактикалық материал және сабақтың қанша уақыт болатынында өзі таңдайды. Осылайша, бала өзінің екпініне қарай дамуға мүмкіндік алады.





Педагогтар мен ата-аналарға арналған Мария Монтессоридің уағызы

- Баланы ешқашан барып өзіңіз тимеңіз, баланың өзі сізге келіп өтініш білдірмесе (қандай түрде болмасын)

-Өзі болса да, болмаса да ешқашанда баланы жамандамаңыз;

-Ең соңында жаман әдеттерге аз орын қалатындай етіп, баланы жақсы тәрбиелеуге бар күш жігеріңізді салыңыз;

-Ортаны дайындауда белсенді бол. Әрдайымда оған деген тұрақты тақуалық қамқорлықты көрсет. Балаға ортамен конструктивті қарым-қатынас жасауға көмектес. Әрбір дамып жатқан материалдың орны мен онымен дұрыс жұмыс істеудің тәсілін көрсет.



Педагогтар мен ата-аналарға арналған Мария Монтессоридің уағызы

-Сіздің көмегіңізге зәру болған балаға көмектесуге, айтқандарын тыңдауға, сұрақтарға жауап беруге әрдайымда дйын болыңыз;

-Қате жіберіп, дұрыстаған немесе араға аз ғана уақыт салып қатесін түзетейін деп жатқан баланы құрметтеңіз, бірақ қандайда бір заттан немесе әрекет еткен кезде баланың өзіне әлде басқа балаларға қауіп төнген жағдайда баланы тез әрі нақты тоқтат;

-Демалып жатқан немесе басқалардың жұмысын бақылап жатқан, не істегені туралы немесе не істейтіні туралы ойланып жатқан баланы құрметте. Ешқашанда оны шақырып және басқа белсенді істерге мәжбүрleme.

-Жұмыс іздеп және оны таңдай алмай жүргендерге көмектес.

-Балаға осыған дейін өзі көруден бас тартқан презентацияны, игерусіз, жетілмей қалғанды үздіксіз уйретуден жалықпа, көмектес. Оны айналаны мейірімге толтырып, сабырлық пен тынышытықта, сүйіспеншілікпен жаса.

-Баламен сөйлескенде әрдайымда жақсы әдеттерді қолдан және оған сенде бар жақсыны, сенің құзырындағы барлық жақсыны ұсын.



М.Монтессори ересек адам ең алдымен баланы қоршаған ортасындағы барлығының нақты бір мақсатта қызмет етуін қамтамасыз етуін ойлау керек деп есептеген. Осы ортада баланың өз бетімен әрекет етуі ең бастысы болып табылады. Тәрбиелеуші баланың дамуына оптимальді жағдай жасайды, ал ол дәл сол уақытта өзі қызық деп санағанды таңдай алады.





Мария Монтессоридің әдістемесінің жүйесін зерттей келе біз үш құрамды бөлікті айырдық: бала, қоршаған орта, мұғалім. Барлық жүйенің ортасында бала тұр, ал біз ол тұратын және өз бетінше оқитын ерекше ортаны ұйымдастырдық. бұл ортада бала жасына сай қозғаушы және сенсорлық дағдысын қалыптастырады, өмірлік тәжірибе алады, әртүрлі заттарды реттеп, оларды салыстырып қарауды үйренеді, өз тәжірибиесі арқылы білім алады. Мұғалім оны бақылап, оған көмек қажет болған жағдайда көмектеседі. Монтессори педагогикасының негізі, ұстанымы – “маған мынаны өзім жасауға көмектесші”.

“Қайталау – оқу анасы” “Ортаны дайындау” және дидактикалық материалдар – әрбір баланың қалыпты дамуының оптимальды шарттары болып табылады. Монтессори-материалдары “әдейі ұйымдастырылған ортаның” бөлшегі, мектепке дейінгі балалардың қалыпты дамуын ынталандырады, өткен тақырыптарды қайта қайта оралуға, білімді бекітуге мүмкіндік береді.





Монтессори әдістемесін қолданып жүрген педагогтың міндеті – баланың өзіндік қасиетін табуға және оны жүзеге асыруға, өзінің, ерекше оқу жолын өтуге көмектесу. Топ бірнеше тақырыптық аймақтарға бөлінеді. Бұл шартты бөлу – бөлмеде ешқандай жар жоқ, тек заттар қызмет түрлеріне байланысты бөлінген аймақтарда орналасқан.



Математикалық



Практикалық қызмет



Сенсорлық даму



Ғарыштық аймақ (жалпы)



Тақырыптық аймақ

Шығармашылық қызмет



Сөйлеуді дамыту



Шығармашылық қызмет аймағы

В творческой зоне дети занимаются:

- рисованием мелками, акварелью, карандашами;
- рисованием с использованием трафарета, соломинки, поролоновых губок;
- лепкой из пластилина и соленого теста;
- развитием навыков резания, склеивания;
- аппликацией и постигают навыки оригами.
- Работа в этой зоне, а также на специальных групповых творческих занятиях, развивает мелкую моторику, творческое мышление и способности к эстетическому восприятию мира.

Шығармашылық аймақта балалар айналысады:

- бор, акварель бояуы, қарындашпен сурет салады;
- трафаретті, кішкентай сабан талын және поролонды ысқышты пайдаланып сурет салады;
- тұзды қамырды және ермексазды пайдаланып мүсіндейді;
- қию, жабыстыру қабілеттерін шындайды;
- аппликация және оригамиға икемділін шындайды;
- бұл жүйедегі және де арнаулы шығармашылық топтың жұмысы, шағын қозғалтқышты, шығармалық ойлауды және әлемді эстетикалық тұрғыда қабылдауды дамытады.



Өмірлік тәжірибиедегі жаттығулар:



- суды қотара құю;
- қарсы ілгектері бар жиектеме (рамка);
- металлды тазалау;
- тірі гүлдерді күтіп бағу;
- бір сызық бойымен жүру;
- тыныштықта жаттығу;
- қоғамдық өмірге қатысы бар жаттығулар.



Сенсорлық аймақ (сезуді дамытуға арналған заттар)

Ажырата білуге арналған:

- өлшемі;
- түсі;
- түрі;
- заттардың беткі қабаттарының құрылымы;
- салмағы;
- шу және дыбыстар;
- дәмдік қасиеттер;
- қызулық айырмалышылық.



Сенсорлық аймақ (сезуді дамытуға арналған заттар)



Бұл аймақта ол өмірде жетіспейтін барлық сезімдерді ала алады: ол көру, түйсіну, дәм сезу, сүйкімділік, есту, сонымен қатар қызуды ажырата білуге жаттыға алады.



Сенсорлық аймақ (сезуді дамытуға арналған заттар)



Бұнда бала биік пен аласаны, тус, дыбысталуды, иісті, әр түрлі заттардың түрін, матаның қасиеттерімен танысуы мүмкін.



Тілді дамыту аймағы (сөйлеуді дамыту, жазу мен оқыту)



Сөйлеуді дамыту аймағында балалар өз бетінше заттарды сипаттауды үйренеді, суреттер бойынша салыстырады, дыбыстық талдау жасайды. Балалар өздері жылжымалы әліппемен жұмыс жасайды, бірнеше әріпті біліп, оқу білмесе де бірнеше сөз құрастыра алады. Бұнда бала өзінің сөздік қорын кеңейтіп, бүдір әріптерді саусақтарымен ұстап және ұнтақ жармаға салу арқылы әріптермен таныса алады.



Тілді дамыту аймағы (сөйлеуді дамыту, жазу мен оқыту)



- Сөйлеуді дамытуда мынандай заттар қолданылады:
- бүдір қағаздан ойылған әріптер, - әріптердің түрін ажыратуға арналған;
 - әріптері бар фактурлы карточкалар;
 - магнитті әліппе;
 - металды қосымшалар, -10 дана түрі жағынан әр түрлі, ұстап қозғауға болатындай, кішкене ұстағышы бар;
 - жеміс-жидектердің муляждары мен жануарлар мен құрт кесектердің мүсіндері;
 - Геометриялық фигуралар, шулы цилиндрлер, әртірлі заттары бар жәшіктер бұған көмектеседі.



Математикалық аймақ



Математикалық даму үшін қолданылады:

-әртүрлі өлшемді қызыл-көкті бағаналар;

-Ұршық білігі бар жәшіктер – 2 дана 0-ден 9-ға дейінгі секциялары бар;

-Алтын түстес моншақтар- бастапқы санау, саны және кез келген арифметикалық әрекет үшін қарапайым зат;

-Геометриялық денелер – геометриялық формалармен танысу үшін. Жиынтыққа бала ұстап, сезе және көре алатындай, 9 түрлі фигура кіреді.

-Қатпарлы сандар.



Математикалық аймақ

Математикалық даму аймағы балаға санау және математикалық операцияларды (реттік санау, қосу, азайту, көбейту, бөлу) үйренуге көмектесетін заттарды құрайды.



Ғарыштық аймақ



Жаратылыстаны ғылымы немесе ғарыштық аймақ балаға қоршаған ортаны танып білуге және жүйелеуге мүмкіндік береді. Анатомия негіздері, география, ботаника, физика және т. б. сабақтарын оқуға мүмкіндік бар. Балаға пазлды жинау, географиялық карталарды қарау, оқуға өсімдітің құрылысы мен адамның анатомиясы туралы ақпараттарды қолдану жеткілікті.



Ғарыштық аймақ



Мұнда бала күтім жасай алатын үй өсімдіктері мен әртүрлі карта, глобус, ойындар мен оқу құралдары бар. Мысалға, “Ағаш жапырақтары” лотосы, “Жыл мезгілдері” уақыт-күнтізбесі, табиғатты қадағалайтын күнтізбі және т.б.



Идея жинақ сандықшасы

Мектеп алды даярлық топ педагогтары – ерекше талантты. Әртүрлі жастағы балалармен жұмыс істей алады, жаңа ойындар ойлап таба алады, сценарий жазады. Және де жаңа нанғызсыз бұйымдар мен заттарды жасай алады.



